

**"Алматы қаласының құрметті азаматы атағы туралы" І-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының 1994 жылғы 12 тамыздағы ІІ-сессиясының Қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Алматы қалалық Мәслихатының шешімі ІІ сайланған VI сессиясының 2000 жылғы 15 қарашадағы Алматы қалалық Әділет басқармасымен 2000 жылғы 22 желтоқсанда N 248 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2010 жылғы 13 желтоқсандағы N 388 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXXIV сессиясының 2010.12.13 N 388 шешімімен.**

"Азаматтардың жекелеген санаттарына жеңілдік беру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" 1999 жылғы 7 сәуірдегі №N 374-І Z990374\_ Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес ІІ-сайланған Алматы қалалық Мәслихаты

**Ш Е Ш І М Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. "Алматы қаласының құрметті азаматы атағы туралы" І-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының 1994 жылғы 12 тамыздағы ІІ-сессиясының қаулысы 4 тармағының және осы қаулының N 1 қосымшаның 7 тармағы мен ескертпесінің күші жойылған деп танылсын.

2. "Алматы қаласының құрметті азаматы атағы туралы" І-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының 1994 жылғы 12 тамыздағы ІІ-сессиясының қаулысы 4 тармағы мына редакцияда мазмұндалсын:

"Алматы қаласының Әкіміне "Алматы қаласының құрметті азаматы" атағын алған азаматтарға бір жолғы сыйақы төлеу үшін ақша қаражатын бөлу көзі мен тәртібін белгілеу ұсынылсын". Осы қаулының N 1 қосымшаның 6 тармағында " куәлік, кеуделік белгі" сөздерінен кейін "және жүз ең төменгі есептемелік көрсеткіш көлемінде бір жолғы сыйақы" сөздерімен толықтырылсын. N 1

қосымшаның 8 және 9 тармақтары тиісінше 7 және 8 тармақ болып саналсын.

3. Қазақстан Республикасы Конституциясының

86 және 87

баптарына сәйкес қаулы мен NN№1,2 қосымшалардағы "Мәслихат-Депутаттар жиналысы", "қала әкімшілігінің басшысы", "аудан әкімшілігінің басшысы" атаулары тиісінше "Мәслихат", "қала Әкімі", "аудан Әкімі" атауларына ауыстырсын.

II-сайланған Алматы қалалық  
Мәслихаты VI-сессиясының  
төрағасы

II-сайланған Алматы қалалық  
Мәслихатының хатшысы

(маман Сариева А.)